



«Ғарышқа ұшу»

Сыныбы: 1 «б» .

Психологиялық дайындық.

- Аспанға қарап ай көрдім
Төменге қарап жер көрдім
Оңға, солға бұрылып
Егеменді ел көрдім.

Сөзжұмбақ шешу

				Б				
				а				
				й				
				қ				
				о				
				ң				
				ы				
				р				

Есентай Ерботин



- ◆ Есентай Ерботин (1940 – 1992) Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. 1950 жылы республикалық «Балдырған» журналында балаларға арналған алғашқы сызба әлемі жарияланады. Содан бері «Ұрнек», «Ұнеге», «Серік пен Берік», «Менің досым», «Балалар бал болғанда», «Далаға саяхат» атты кітаптары жарық көрген. Бүгін біз «Даңқой» деген мысалымен танысамыз.

- Сәуірдің он тоғызы
- Сынып жұмысы
- Ғарышқа ұшу
- Ғаламшар, ғарыш, ғарышкер.
- 158-жаттығу
- Байқоңыр.
- Ғарышкерлер мекені –
- Қазақ жері Байқоңыр.
- Қай жер саған жетеді,
- Ғажап жерім Байқоңыр!

12 сәуір - Ғарышкерлер күні







**Юрий Гагарин
адамзат
баласындағы
тұңғыш
ғарышкер**



**1961 жылы 12-сәуірде
Юрий Гагарин «Восток»
кемесімен ғарышқа ұшты**

Ғарышқа 55 жыл





Дубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы – Қазақстанның тұңғыш ғарышкер ұшқышы



1946 ж маусымның 27-інде Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, «1-інші май» ұжымшарында дүниеге келген, қазақ. Жоғары білімді. Техника ғылымдарының докторы, профессор, академик, авиация генерал-майоры.

1991ж 2 қазанда Байқоңыр ғарыш алаңынан “Союз ТМ - 12” ғарыш кемесімен ұшып, “Мир” орбиталдық комплексінде өзге ғарышкерлермен бірге сегіз тәулік бойы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Тоқтар Дубәкіров зерттеуші ғарышкер есебінде, Александр Волков және аустрия ғарышкері Франц Фибек, «Союз ТМ-13» ғарыш кемесімен ғарышқа ұшуға кірісті. Апта бойы «Мир» орбиталды кешенінде жұмыс істеді. 1991ж ж. қазанның 10-ында ғарыш кемесімен Жерге қайтып қонды. Ғарышта өтеген мерзімі — 7 күн 22 сағат 13 минөт.



- **Талғат Мұсабаев** 1951ж 7- қаңтарда Алматы облысы Жамбыл ауданының Қарғалы ауылында туған. 1974 ж. — Рига азаматтық авиация инженерлері институтын бітірген, инженер.
- Ол ғарышқа қасиетті Құран кітапты, туған жердің бір уыс топырағын, көк байрақты ала ұшқан.
- 1994 ж. ғарышқа 1-ші рет ұшқанда (Союз ТМ-19) 126 күн ғарышта өткізген.
- 1998 ж. ғарышқа 2-ші рет ұшқанда (Союз ТМ-27) 208 күн ғарышта өткізген. Гиннестің үздік табыстар кітәбінде бір айдың ішінде 5 рет не бары 30 сағат 8 минөт ұзақтығымен ашық ғарышқа шыққанны жазылып алынған.
- Ұшқанда америка ғарышкері Л. Эйартс пен ресей ғарышкері (шуваш ұлтынының өкілі) Николай Бударинмен бірге.
- Қонғанда ресей ғарышкерлері Николай Бадурин мен Юрий Батуринмен бірге.
- 2001 ж. ғарышқа 3-ші рет ұшқанда (Союз ТМ-32) 8 күн ғарышта өткізген.



Ғарышкер - Талғат Мұсабаев Амангелдіұлы



**Союз ТМ-32 экипажи –
Деннис Тито (Dennis Tito),
Талғат Мұсабаев, Юрий Батурин**

Марапаттары:

- **Қазақстан Республикасы**
- **«Халық Қаһарманы» атағы (1995)**
- **«Қазақстанның ғарышкер ұшқышы» атағы (1995)**
- **«Отан» ордені (1998)**
- **«Барыс» 1-ші дәрежелі ордені**
- **«Астана» медалі (1999)**
- **Ресей Федерациясы:**
- **«Дружба народов» ордені (1991)**
- **«Герой Российской Федерации» атағы (1994)**
- **«Лётчик-Космонавт РФ» (1994)**
- **«За заслуги перед Отечеством» 3-ші дәрежелі ордені (1998)**
- **«За заслуги перед Отечеством» 2-ші дәрежелі ордені**
- **Аустрия Республикасы:**
- **Аустрия Республикасының ордені**
- **Америка Құрама Штаттары:**
- **«Ғарышқа ұшқан үшін» NASA медалі (1998)**

Сергіу сәті.



Үй жұмысы

159-жаттығу

«Кім болам?» тақырыбына әңгіме жазу.

**Ғарышкер болғысы
келетіндерге!**

**Барлығы да армандаудан
басталатыныын
ұмытпаңдар.**

**Армандаудан қорықпаңдар!
Жалқаулыққа салынбаңдар!**

Сәттілік тілеймін!